

Жалпы білім беретін F.Мұратбаев атындағы орта мектебі

Қамқоршылық кеңес отырысының № 1 хаттамасы

06 қыркүйек 2021 ж.

Қамқоршылық кеңестің отырысына қатысқандар:

- 1 Амиров Абай Амантаевич- қамқоршылық кеңестің төрағасы
2. Жахиев Асхат Сәлешович- қамқоршылық кеңестің төраға орынбасары
- 3.Макатова Алима Беріккызы-қамқоршылық кеңестің хатшысы
- 4.Утегалиева Меруерт Қуанышқалиевна-қамқоршылық кеңес мүшесі
- 5.Гумаров Бекен Құмарұлы- қамқоршылық кеңес мүшесі
- 6.Кабиева Сара Жаманбайқызы- қамқоршылық кеңес мүшесі
- 7.Панаев Нұрлыбек Нуртуганович- қамқоршылық кеңес мүшесі
- 8.Қайыргалиев Әлібек Саматұлы- қамқоршылық кеңес мүшесі
- 9.Жанекешова Салтанат Женісқызы- қамқоршылық кеңес мүшесі

Күн тәртібінде:

1.2021-2022 оку жылына қамқоршылық кеңесінің төрағасына және мүшелерін қайта сайлау.

мектеп директоры:Б.Гапуова

2.2021-2022 оку жылына жаппай оқыту қоры қаражатынан тегін тамақтануды және материалдық көмек алуды қажет ететін оқушылардың ата-аналарының өтініштерін қаруа.

Әлеуметтік педагог Ж.Тумаков

Тындалды:

1.Мектеп директоры Б.Гапуова –Қамқоршылық кеңес төрағасы Абай Амиров жұмыс бабымен басқа қалага кешуіне байланысты қамқоршылық кеңес төрағасы міндептінен босатуды сұрап өтініш жазған болатын және де кеңес мүшелігінен шығуға өтініш берген адамдардың , өтініштерін қанагаттандыру үшін өз ойларының ортаға салсаңыздар. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 217 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қамқрашылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларының» 2 тарау 5 тармағы негізінде Қамқоршылық кеңесін қалыптастыру және оның құрамын құру туралы берілген хабарлама бойынша «Жалпы білім беретін F.Мұратбаев атындағы орта мектеп» КММ-не Қамқоршылық кеңес құрамына мүше болуга өзінің кандидатурасын ұсынған төмендегі үміткерлер тізімі.

№	Аты-жөні	Жұмыс орыны
1	Хилимов Абзал Николлаевич	Жеке кәсіпкер
2	Дүйсенова Мұхсина Мұхтарқызы	55-46 әскери бөлімі
3	Елекеева Тілекші	Жеке кәсіпкер

2- мәселе бойынша әлеуметтік педагог Ж.Тумаков мәлімдеме жасады.

2021-2022 оку жылының тамыз,қыркүйек айында мектептегі әлеуметтік деңгейі төмен оқушыларды анықтау жұмысы жүргізілді. Анықтау жұмысының мақсаты – әлеуметтік қорғалмаған отбасылардың балаларын мектебіміздегі жекелеген санат тізіміндегі оқушылар тізіміне енгізу. Мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуда құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы

әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидалары

ҚР Үкіметінің 30.12.2020 № 949 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалар "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заны 4-бабының 21) тармақшасына сәйкес әзірленген және мемлекеттік білім беру үйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерінің мынадай санаттарына:

- 1) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан балаларға;
- 2) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан балаларға;
- 3) жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға;
- 4) **төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға;**
- 5) білім беру үйымының алқалы басқару органы айқындайтын білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өзге де санаттарына (бұдан әрі – білім алушылар мен тәрбиеленушілер) қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен есепке алу тәртібін айқындайды.

Қамқоршылық кенес білім беру үйымының алқалы басқару органы болып табылады. Анықтау нәтижесі төмендегідей болды.

Мектебімізде атаулы әлеуметтік көмек алатын 5 -окушы, аз қамтылған отбасынан-32, көп балалы отбасынан-110, қамқоршылықта -1 оқушы білім алуда.

Күн тәртібіндегі мәселелер тыңдалып, сөйлеуге көшті:

1.Жахиев А-Қамқоршылық кенес мүшесі

Күн тәртібіндегі мәселелер түсінікті, жеткілікті. Тамактану, материалдық көмек алу жөніндеге түсінікті айтылды. Мен қамқоршылық кенеске Алима Мақатованың кандидатурасын ұсынғым келеді. Ол кісі өз ісіне жауапкершілікпен қарайды.

Қамқоршылық кенес мүшелігіне Елекеева Тілекші, Дүйсенова Мұхсина Мұхтаровна, Хилимов Абзал Николлаевич өз арыздары негізінде мүшелікке алуға ұсыныс білдіремін

2.Қабиева С-Қамқоршылық кенес мүшесі.


Бұғінгі күн тәртібіндегі мәселелер орынды қаралып отыр. Тамактану мен көмек туралы баяндама дұрыс қаралып отыр. Мен Алима Мақатованың кандидатурасын қолдаймын.

Кенес күн тәртібіндегі мәселелерді тыңдап талқылай келе төмендегідей қаулы етеді.

Қаулы:

1. Мақатова Алима Берікқызы Жалпы білім беретін F.Мұратбаев атындағы орта мектебінің Қамқоршылық кенесі төрайымы және қамқоршылық мүшелігіне өз араздары негізінде Хилимов Абзал Николлаевич, Дүйсенова Мұхсина Мұхтарқызы, Елекеева Тілекші тағайындалсын.

2.Жекелеген санаттағы оқушылар тізімі бекітіліп, оқушылардың құжаттары уақытында жинактау әлеуметтік педагог Ж.Тумаковқа міндетtelіп, атаулы әлеуметтік көмек алатын оқушылармен жүргізілетін жұмыс әлеуметтік педагог,сынып жетекшілер мен ата-аналармен тығыз байланыста, талапқа сай жүргізілсін.

Камқоршылық кеңестің төрағасы:  Амироп Қ.А
Камкоршылық кеңестің хатшысы:  Уналбаева Ж.Б

Жалпы білім беретін F.Мұратбаев атындағы орта мектебі

Қамқоршылық кеңес отырысының № 2 хаттамасы

19 қараша 2021 ж.

Қамқоршылық кеңестің отырысына қатысқандар: 10 адам

- 1 Мақатова Алима Беріккызы -қамқоршылық кеңестің төрайымы
2. Жанекешова Салтанат Женісқызы- қамқоршылық кеңестің төрайымы орынбасары
- 3.Хилимов Абзал Николлаевич -қамқоршылық кеңестің хатшысы
- 4.Утегалиева Меруерт Куанышкалиевна-қамқоршылық кеңес мүшесі
- 5.Гумаров Бекен Құмарұлы- қамқоршылық кеңес мүшесі
- 6.Дүйсенова Мұхсина Мұхтарқызы- қамқоршылық кеңес мүшесі
- 7.Панаев Нұрлыбек -қамқоршылық кеңес мүшесі
- 8.Елекеева Тілекші - қамқоршылық кеңес мүшесі
- 9.Құбышев Мейіrbек Файнеденұлы- қамқоршылық кеңес мүшес

Тумаков Жандарбек Куанышұлы әлеуметтік педагог

Күн тәртібіндегі:

1. Мектеп оқушыларының ыстық тамақпен қамтамасыз етілуі.

Әлеуметтік педагог Ж.Тумаков

Тыңдалды:

Әлеуметтік педагог Ж.Тумаков асханада балалардың тамақтану жағдайы туралы мәлімдеді. Мектеп асханасын 2019-2020 оку жылынан бастап ЖК «Нурғалиева» жалға алғы келеді. Мектеп бойынша бастауыш сынып оқушыларын және әлеуметтік осал топ балаларын ыстық тамақпен қамтуда .Ыстық тамақпен қамтылған барлық бала саны -402. Асханада оқушылардың тамақтану ережелрі және уақытылы тамақтануларының қатаң сақталуын жауапкершілікпен көдеңдік кадағалау үшін сынып жетекшілерден кесте құрылыш берілген.

Асхана толымдыры -110 орындық.

Тамақтың сапасы жақсы.Ата-аналар тарапынан шағымдар түскен жоқ.

Күніне әр оқушы 224-теңгеге тамағын ішеді.

Күн тәртібіндегі мәселелер тыңдалып, сөйлеуге көшті:

- 1.Елекеева Тілекші -қамқоршылық кеңес мүшесі

Күн тәртібіндегі мәселеге алғы қосарым жоқ.Осы мектепте өз балаларым оқиды.Ыстық тамақпен қамтылып отыр. Тағамдар санитарлық-гигиена талаптарына сәйкес. Әлеуметтік қашықтықты сақтау үстелдер мен келушілер арасындағы қашықтық кемінде 2 метр едендегі белгілер, қоршаулар, тосқауыл таспалар:


Балаларды сапалы тамақпен қамтамасыз ету ,балалар денсаулығының қауіпсіздігі қамтамасыз етілген

2.Панаев Нұрлыбек- қамқоршылық кеңес мүшесі

Бүгінгі мәселе өте орынды.Әлуметтік осал топтағы , бастауыш сынып оқушыларының ыстық тамақпен қамтамасыз етілуде. Асхананың тазалығы,қызметкерлердің жеке бас гигиенасы талапқа сай.Асхана іші стендтармен жабдықталған,тагамдардың сертификаттары жарамады.

Қаулы:

Оқушылардың күнделікті тамактануын үнемі бақылау әлеуметтік педагог Ж.Тумаковқа жүктелсін.

Камқоршылық кеңестің төрайымы:  Мақатова А.Б
Камқоршылық кеңестің хатшысы:  Уналбаева Ж.Б